

**«КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС-НІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
САЯСАТЫ**

Әзірлеуші: Комплаенс-офицер

Процесс: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қайта қарау мерзімі: 3 жыл

Қайта қарау күні: «__» _____

Күші жойылған күні: «__» _____

Күшін жою негізі: _____

Әзірленді:	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
	Туреева З.А.	Комплаенс-офицер		

1. Жалпы ережелер

1. «КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС-нің (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес, ISO 37001:2025 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйелері» халықаралық стандартының қолданылатын талаптары ескеріле отырып әзірленді.

2. Саясат мыналарды айқындайды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттерін;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі қағидаттарын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларын;
- Серіктестік жұмыскерлері мен басшылығының міндеттерін;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын.

3. Осы Саясат:

- Серіктестік жұмыскерлері үшін;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін;
- лауазымды адамдар үшін;
- Серіктестіктің атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін тұлғалар үшін тиісті шарттарда және корпоративтік құжаттарда көзделген шектерде;
- қолданылатын шарттық міндеттемелер бөлігінде контрагенттер үшін міндетті болып табылады.

4. Серіктестік сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандары мен көріністеріне қатысты төзбеушіліктің нөлдік қағидатын ұстанады.

2. Терминдер мен анықтамалар

5. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Серіктестік – «КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС;

сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу;

коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыратын тұлғаның мүддесіне орай қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтерді заңсыз көрсету;

пара – лауазымды адамға не қылмыстық заңнамада көзделген өзге де адамға жеке өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына әрекеттер жасағаны (әрекетсіздік танытқаны) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) пара алушының қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сол сияқты қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін заңсыз берілетін, ұсынылатын, уәде етілетін, алынатын немесе қабылданатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық, мүліктік сипаттағы пайда немесе көрсетілетін қызметтер;

комплаенс-офицер – Серіктестіктегі комплаенс-бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын тұлға;

жұмыскер – Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;

мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келеді немесе алып келуі мүмкін;

сыйлық – еңбек (лауазымдық) міндеттерін орындауға немесе орын алып отырған не болжанатын іскерлік қатынастарға байланысты тікелей не үшінші тұлғалар арқылы өтеусіз немесе нарықтық талаптардан елеулі түрде ерекшеленетін талаптармен берілетін немесе алынатын кез келген мүлік, мүліктік құқық, мүліктік міндеттен босату, жұмыс, көрсетілетін қызмет, жеңілдік, артықшылық немесе мүліктік не мүліктік емес сипаттағы өзге де пайда.

3. Сыбайлас жемқорлық және өзге де комплаенс-бұзушылықтардың түрлері

6. Сыбайлас жемқорлық немесе өзге де комплаенс-бұзушылық белгілері болуы мүмкін әрекеттерге мыналар жатады:

- 1.пара беру және пара алу;
- 2.парақорлыққа делдал болу;
- 3.лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану;
- 4.параға коммерциялық сатып алу;
- 5.қызметтік жалғандық жасау;

6.Серіктестік мүлкін жымқыру және нысаналы мақсатына сай пайдаланбау;

7.құпия ақпаратты заңсыз пайдалану;

8.тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі бұзушылықтар;

9.жеке пайда табу мақсатында қызметтік жағдайын пайдалану.

4. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері

7. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Серіктестікте сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

8.Саясаттың міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау және олардың алдын алу;
- ішкі бақылау тетіктерін енгізу;
- бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

9. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1.заңдылық;
- 2.сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік;
- 3.адалдық және ашықтық;
- 4.жұмыскерлердің жеке жауапкершілігі;
- 5.құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларды қорғау;
- 6.жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 7.ішкі бақылау жүйесін тұрақты жетілдіру.

10.Серіктестік басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарына жеке бейілділігін көрсетуге және тиісті корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға міндетті.

6. Қолданылу саласы

11. Осы Саясат Серіктестіктің барлық қызмет бағыттарына қолданылады.

12. Саясаттың негізгі қағидаттары:

- мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде;
- сатып алу және шарттық қызмет барысында;
- клиенттермен және контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде;
- персоналды басқару кезінде;
- Серіктестіктің мүлкі мен ресурстарын пайдалану кезінде сақталуға тиіс.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

13. Барлық жұмыскерлерге қойылатын корпоративтік тыйымдар:

1. қызметтік жағдайын жеке мақсаттарда пайдалануға;
2. шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін сыйлықтарды, ақша қаражатын және өзге де артықшылықтарды қабылдауға;
3. үшінші тұлғаларға заңсыз артықшылықтар беруге;
4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы мәліметтерді жасыруға;
5. құпия ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға;
6. мүдделер қақтығысы болған жағдайда шешімдер қабылдауға қатысуға тыйым салынады.

14. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тұлғаларға қатысты жақын туыстардың, жұбайлардың, жекжаттардың және (немесе) басқа байланысты тұлғалардың тікелей бағыныстылықта, бір басқару органында (Байқау кеңесінде) немесе атқарушы органда бірлесіп жұмыс істеуіне жол берілмейді. Осы ереже 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

15. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабы қолданылатын тұлғалар Заңда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша қабылдайды және сақтайды.

16. Серіктестіктің Байқау кеңесі:

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және комплаенс саласындағы өзге де ішкі құжаттарды бекітеді;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады;

-жылына кемінде бір рет комплаенс жүйесінің жұмыс істеуі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты қарайды;

-комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді бағалайды;

-комплаенс-функциясының тәуелсіздігін және оның қызметі үшін жеткілікті ресурстардың болуын қамтамасыз етеді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық

17. Серіктестік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында:

- мемлекеттік органдармен;
- құқық қорғау органдарымен;
- контрагенттермен;
- клиенттермен;
- өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

18. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасуға құқылы.

9. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

19. Серіктестікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мынадай шаралар іске асырылады:

1. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
2. комплаенс-функциясының жұмыс істеуі;
3. оқыту іс-шаралары мен нұсқамалар өткізу;
4. Жедел желінің жұмыс істеуі;
5. қызметтік тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулер жүргізу;
6. бақылау және келісу рәсімдерін енгізу;
7. контрагенттерге комплаенс-тексеру жүргізу;
8. заңнаманың және ішкі құжаттардың сақталуына мониторинг жүргізу.

20. Серіктестік жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тұрақты түрде ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың Тізбесі қалыптастырылады және өзектендіріліп отырады.

22. Тізбеге Серіктестіктің процестері мен операцияларына қатысуы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалу ықтималдығының жоғары болуымен байланысты лауазымдар, оның ішінде сатып алу, шарттық қызмет, қаржыны, персоналды, мүлікті басқару, мемлекеттік органдармен және контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау салаларындағы лауазымдар енгізіледі.

23. Тізбе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылады және ұйымдық құрылым, функционалдық міндеттер, бизнес-процестер өзгерген немесе өкілеттіктер қайта бөлінген жағдайда қайта қаралады.

24. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды және мониторингтеуді жүзеге асырады.

25. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- сатып алу қызметі;
- қаржылық операциялар;
- шарттық қызмет;
- мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;
- кадрлық процестер;
- өзге де бизнес-процестер.

26. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау, өтініштер, тергеп-тексерулер, мониторинг және өзге де мәліметтер нәтижелеріне негізделген комплаенс-

функцияның тәуекелге бағдарланған жыл сайынғы жұмыс жоспарын қалыптастырады.

27. Жыл сайынғы жоспар оқыту және коммуникациялар, басшылықтың қатысуы, үшінші тұлғаларды тексеру, мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу, сыйлықтарды бақылау, өтініштерді қарау, тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулер жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бойынша іс-шараларды қамтуға тиіс. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша комплаенс-офицер Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің Тізілімін қалыптастырады және өзектендіріп отырады.

28. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің Тізілімі анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, тәуекел көздерін, мұндай тәуекелдер іске асырылуы мүмкін бизнес-процестер мен рәсімдерді, тәуекел деңгейін бағалауды, тәуекелдерді азайту шараларын, жауапты тұлғаларды және орындау мерзімдерін қамтиды.

29. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің Тізілімі тәуекелдерді басымдық беру қағидаты бойынша қалыптастырылады және Тәуекелдер картасы түріндегі визуализацияны қамтуы мүмкін.

11. Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызмет

30. Серіктестік заңсыз артықшылықтар алу мақсатында қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асырмайды.

31. Серіктестік коммерциялық пайда алу мақсатында саяси партиялар мен қозғалыстарды қаржыландырмайды.

32. Кез келген қайырымдылық және демеушілік шығыстар ашық, негізделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуға тиіс.

12. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар

33. Жұмыскерлерге қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін сыйлықтар мен өзге де артықшылықтарды алуға немесе ұсынуға тыйым салынады.

34. Өкілдік шығыстар мен іскерлік қонақжайлылыққа тек мынадай шарттар сақталған жағдайда жол беріледі:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы;
- орынды және негізделген болуы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырмауы;
- заңсыз артықшылықтар алуға бағытталмауы.

35. Мемлекеттік қызметшілерге және Қазақстан Республикасының заңнамасында материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер алуға тыйым салынған өзге тұлғаларға олардың қызметтік өкілеттіктеріне байланысты сыйлықтар мен өзге де артықшылықтар беруге жол берілмейді.

13. Серіктестік қызметімен сыйыспайтын әрекеттер

36. Мыналарға жол берілмейді:

1. заңсыз пайда мен артықшылықтар алу;
2. жасырын төлемдер мен жалған операциялар жасау;
3. заңсыз сыйақы;
4. пара беру үшін делдалдарды пайдалану;
5. Серіктестік мүлкін заңсыз иемдену;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған жағдайларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған тұлғаларды жұмысқа қабылдау.

14. Рәсімдерді жеделдету үшін төлемдер

37. Серіктестікте әкімшілік рәсімдерді жеделдету немесе артықшылықтар алу үшін кез келген төлемдерге немесе сыйақыларға тыйым салынады.

15. Жұмыскерлер мен басшылықтың міндеттері

38. Жұмыскерлер:

- заңнама және осы Саясат талаптарын сақтауға;
- мүдделер қақтығысын болдырмауға;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлауға;
- оқытудан өтуге;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жәрдемдесуге міндетті.

39. Бөлімшелердің басшылары:

- Саясат талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша шаралар қабылдауға;
- комплаенс-функциясымен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

40. Серіктестіктің Басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етуге міндетті.

16. Жауапкершілік

41. Жұмыскерлер мен лауазымды адамдар өздерінің кінәсі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған кезде осы Саясат талаптарын бұзғаны үшін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына;
- Серіктестіктің ішкі құжаттарына;
- еңбек шартының талаптарына сәйкес жауапты болады.

42. Серіктестіктің Бас директоры өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуін, осы Саясат талаптарының бизнес-процестерге енгізілуін және заңнамаға, Серіктестіктің Жарғысына әрі корпоративтік құжаттарына сәйкес міндетті шешімдер мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Жауаптылық кінә және заңнамада көзделген өзге де негіздер болған кезде туындайды.

43. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін:

- тәртіптік шаралар;
- әкімшілік жауапкершілік;
- қылмыстық жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

44. Жұмыскерлер өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары фактілері туралы комплаенс-функциясына дереу хабарлауға міндетті.

45. Серіктестік құқық бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлаған тұлға жөніндегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және оны негізсіз қудалаудан қорғау жөнінде заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген шараларды қабылдайды.

16-1. Корпоративтік басқару және есептілік

Осы құжат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс-функциясы жөніндегі Корпоративтік стандартқа және оның қолданылатын қосымшаларына сәйкес қолданылады.

Корпоративтік стандарттың жекелеген талаптарын орындау мүмкін болмаған кезде комплаенс-офицер себептерді және баламалы тәртіпті сипаттайтын жиынтық талдамалық құжатты дайындайды. Құжат Байқау кеңесінің қарауына шығарылғанға дейін Топтың уәкілетті комплаенс-функциясымен келісіледі.

45-1. Байқау кеңесі жылына кемінде бір рет комплаенс жүйесі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар туралы ақпаратты қарайды және мақсаттарға қол жеткізуді тәуелсіз бағалау негізінде бағалайды.

45-2. Бас директор Саясаттың орындалуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға дербес жауапты. Құрылымдық бөлімшелер басшылары өз процестеріндегі тәуекелдер мен бақылау шараларына жауапты.

45-3. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау, тақырыптық мониторинг нәтижелері және өзге де ақпарат көздері негізінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімін және Тәуекелдер картасын қалыптастырады; олардың негізінде тәуекелге бағдарланған жылдық жоспар әзірленеді.

45-4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға міндетті лауазымдар тізбесін кадр қызметі комплаенс-офицермен бірлесіп айқындайды. Қол қойылған нысандар жұмыскерлердің жеке істеріне тіркеледі.

17. Қорытынды ережелер

46. Осы Саясат Серіктестіктің Жарғысында белгіленген құзырет шегінде Байқау кеңесінің шешімімен бекітіледі.

47. Жұмыскерлер осы Саясатпен қол қою арқылы танысуға міндетті.

48. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын Серіктестіктің жұмыскерлері мен лауазымды адамдары оларды жазбаша нысанда қабылдайды.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын лауазымдардың тізбесі кадр қызметі мен комплаенс-офицердің ұсынысы бойынша Серіктестіктің Бас директорының бұйрығымен Қазақстан

Республикасы заңнамасының талаптары және орындалатын функциялар ескеріле отырып бекітіледі.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Қол қойылған нысанды кадр қызметі жұмыскердің жеке ісіне қосады.

52. Кадр қызметі нысандарға уақтылы қол қоюды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің мазмұнын түсіндіреді және олардың сақталуына мониторинг жүргізеді.

53. Осы Саясаттың орындалуын бақылау Серіктестіктің комплаенс-офицеріне жүктеледі.

Комплаенс-офицер квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеде көзделген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

Тексерулер, ревизиялар, аудит, сот ісін жүргізу немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу нәтижесінде жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соққан мүдделер қақтығысы жағдайында шарттардың не мәмілелердің жасалғаны, актілердің немесе өзге шешімдердің қабылданғаны анықталған кезде растайтын материалдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 311-VIII Заңымен енгізілген жеке мүдде мен мүдделер қақтығысы түрлерінің анықтамалары, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі жаңа мерзімдер, рәсімдер, міндеттер мен жауаптылық туралы ережелер 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады. Осы күнге дейін қолданыстағы заңнама мен Серіктестіктің ішкі құжаттары қолданылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл туралы ереже 2026 жылғы 24 маусымнан бастап қолданылады.

**«КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына 1-қосымша**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫМЕН
ТАНЫСҚАНЫН РАСТАУ**

Мен, _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

«КТ-ТЕЛЕКОМ» ЖШС-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанымды, оның талаптарын түсінетінімді және белгіленген нормалар мен шектеулерді сақтауға міндеттенетінімді растаймын.

Қолы _____

Күні _____

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Мен,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мен атқаратын лауазымға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өз еркіммен және саналы түрде қабылдаймын:

-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға немесе сыбайлас жемқорлықтың көрініс табуына жағдай жасауға;

-басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелеуге немесе көтермелеуге;

-жасалған немесе дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ мені басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туралы ақпаратты елемеуге, жасыруға немесе хабарламауға;

-лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүдделерде пайдалануға, мүдделер қақтығысының туындауына жол беруге, сондай-ақ оны болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;

-сыйлық берген тұлғалардың немесе олар өкілдік ететін тұлғалардың пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) қызметтік өкілеттіктерге кіретін не лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ету мүмкін болған кезде материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер қабылдауға;

-ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты өзі және (немесе) басқа адамдар үшін мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе иелену мақсатында пайдалануға;

-жоғары тұрған лауазымды адамдарға сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге;

-кіріс алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға қандай да бір тұлғаларға жәрдем көрсетуге;

-жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға немесе олардың жүзеге асырылуына кедергі келтіруге;

-Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға және иеленуге, сондай-ақ қолма-қол ақша мен құндылықтарды шетелдік банктерде сақтауға;

-Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған жағдайларда жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен), жекжаттарымен және (немесе) басқа байланысты тұлғалармен тікелей бағыныстылықта, бір басқару органында (Байқау кеңесінде) немесе Серіктестіктің атқарушы органында бірлесіп жұмыс істеуге.

Сонымен қатар, маған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамаған жағдайда (қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған кезде) маған қатысты тәртіптік жаза шаралары, жұмыстан шығаруға дейін қолданылатыны түсіндірілді.

Лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүдделерде пайдалануға және байланысты тұлғалармен бірлесіп жұмыс істеуге қатысты Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 311-VIII Заңымен енгізілген шектеулер 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

«__» _____ 20__ жыл

(қолы)

Приложение № 4 к решению
Наблюдательного совета
ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»
от «02» сентября 2026 года № 9

**ПОЛИТИКА
ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ
В ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»**

Разработчик: Комплаенс-офицер

Процесс: Противодействие коррупции

Срок пересмотра: 3 года

Дата пересмотра: «__» _____

Дата отмены: «__» _____

Основание отмены: _____

Разработано:	ФИО	Должность	Подпись	Дата
	Туреева З.А.	Комплаенс-офицер		

1. Общие положения

1. Настоящая Политика противодействия коррупции в ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ» (далее – Политика) разработана в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом и внутренними документами ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ» (далее – Товарищество), с учетом применимых требований международного стандарта ISO 37001:2025 «Система менеджмента борьбы со взяточничеством».

2. Политика определяет:

- цели и задачи противодействия коррупции;
- основные принципы антикоррупционной деятельности;
- меры по предупреждению коррупционных правонарушений;
- обязанности работников и руководства Товарищества;
- меры ответственности за нарушение антикоррупционных требований.

3. Настоящая Политика обязательна для:

- работников Товарищества;
- руководителей структурных подразделений;
- должностных лиц;
- лиц, действующих от имени или в интересах Товарищества, в пределах, предусмотренных соответствующими договорами и корпоративными документами;
- контрагентов в части применимых договорных обязательств.

4. Товарищество придерживается принципа нулевой терпимости к коррупции во всех формах и проявлениях.

2. Термины и определения

5. В настоящей Политике используются следующие основные понятия:

Товарищество – ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»;

коррупция – незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ;

коммерческий подкуп–незаконная передача лицу, выполняющему управленческие функции в коммерческой или иной организации, денег, ценных бумаг или иного имущества, а равно незаконное оказание ему услуг имущественного характера за использование им своего служебного положения, а также за общее покровительство или попустительство по службе в интересах лица, осуществляющего подкуп;

взятка–незаконно передаваемые, предлагаемые, обещанные, получаемые или принимаемые должностным либо иным предусмотренным

уголовным законодательством лицом лично или через посредника деньги, ценные бумаги, иное имущество, права на имущество, выгоды или услуги имущественного характера за совершение действий (бездействия) в пользу взяткодателя или представляемых им лиц, если такие действия (бездействие) входят в служебные полномочия получателя либо он в силу должностного положения может им способствовать, а равно за общее покровительство или попустительство по службе;

комплаенс-офицер—уполномоченное лицо по обеспечению функционирования системы комплаенс-контроля и исполняющее функции антикоррупционной комплаенс-службы в Товариществе;

работник — физическое лицо, состоящее в трудовых отношениях с Товариществом;

Конфликт интересов - противоречие между личными интересами лиц, занимающих ответственную государственную должность, лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, лиц, приравненных к ним (за исключением кандидатов в Президенты Республики Казахстан, депутаты Курултая Республики Казахстан или маслихатов, акимы городов районного значения, поселков, сел, сельских округов, а также в члены выборных органов местного самоуправления), должностных лиц и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц приводят или могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных полномочий;

подарок— любое имущество, имущественное право, освобождение от имущественной обязанности, работа, услуга, скидка, льгота, преимущество или иная выгода имущественного либо неимущественного характера, предоставляемые или получаемые безвозмездно либо на условиях, существенно отличающихся от рыночных, непосредственно или через третьих лиц, в связи с исполнением трудовых (должностных) обязанностей или существующими либо предполагаемыми деловыми отношениями.

3. Виды коррупционных и иных комплаенс-нарушений

6. К действиям, которые могут содержать признаки коррупционных или иных комплаенс-нарушений, относятся:

1. дача и получение взятки;
2. посредничество во взяточничестве;
3. злоупотребление должностными полномочиями;
4. коммерческий подкуп;
5. служебный подлог;
6. хищение и нецелевое использование имущества Товарищества;
7. незаконное использование конфиденциальной информации;
8. нарушения при закупках товаров, работ и услуг;
9. использование служебного положения для получения личной выгоды.

4. Цели и задачи Политики

7. Основной целью настоящей Политики является формирование в Товариществе культуры неприятия коррупции и обеспечение функционирования эффективной системы предупреждения коррупционных правонарушений.

8. Задачами Политики являются:

- предупреждение коррупционных рисков;
- обеспечение соблюдения законодательства Республики Казахстан;
- формирование антикоррупционной культуры;
- выявление и предотвращение коррупционных нарушений;
- внедрение механизмов внутреннего контроля;
- обеспечение прозрачности бизнес-процессов.

5. Основные принципы противодействия коррупции

9. Противодействие коррупции в Товариществе основывается на следующих принципах:

1. законность;
2. нулевая терпимость к коррупции;
3. добросовестность и прозрачность;
4. личная ответственность работников;
5. защита лиц, сообщающих о нарушениях;
6. неотвратимость ответственности;
7. постоянное совершенствование системы внутреннего контроля.

10. Руководство Товарищества обязано демонстрировать личную приверженность принципам противодействия коррупции и формировать соответствующую корпоративную культуру.

6. Область применения

11. Настоящая Политика распространяется на все направления деятельности Товарищества.

12. Основные принципы Политики подлежат соблюдению:

- при взаимодействии с государственными органами;
- при закупках и договорной деятельности;
- при взаимодействии с клиентами и контрагентами;
- при управлении персоналом;
- при использовании имущества и ресурсов Товарищества.

7. Антикоррупционные ограничения

13. Для всех работников устанавливаются следующие корпоративные запреты:

1. использовать служебное положение в личных целях;
2. принимать подарки, денежные средства и иные выгоды, способные повлиять на объективность решений;
3. предоставлять незаконные преимущества третьим лицам;
4. скрывать сведения о коррупционных нарушениях;
5. использовать конфиденциальную информацию в личных целях;
6. участвовать в принятии решений при наличии конфликта интересов.

14. В случаях и в отношении лиц, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, не допускается совместная работа близких родственников, супругов, свойственников и (или) других связанных лиц при непосредственном подчинении, в одном органе управления (Наблюдательном совете) или исполнительном органе. Настоящий пункт применяется с 1 января 2027 года.

15. Лица, на которых распространяется статья 12 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции», принимают в письменной форме и соблюдают предусмотренные Законом антикоррупционные ограничения.

16. Наблюдательный совет Товарищества:

- утверждает Политику противодействия коррупции и иные внутренние документы в области комплаенс;

- осуществляет контроль за эффективностью системы противодействия коррупции;

- не реже одного раза в год рассматривает информацию о функционировании комплаенс-системы и принимаемых мерах по противодействию коррупции;

- оценивает достижение целей в области комплаенс и противодействия коррупции;

- обеспечивает независимость комплаенс-функции и достаточность ресурсов для ее деятельности.

8. Сотрудничество в области противодействия коррупции

17. Товарищество в целях предупреждения, выявления и пресечения коррупционных правонарушений взаимодействует с:

- государственными органами;
- правоохранительными органами;
- контрагентами;
- клиентами;
- иными заинтересованными лицами.

18. Товарищество вправе обмениваться информацией по вопросам противодействия коррупции в пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

9. Меры по профилактике коррупции

19. В Товариществе реализуются следующие меры профилактики коррупции:

1. проведение внутреннего анализа коррупционных рисков;
2. функционирование комплаенс-функции;
3. проведение обучений и инструктажей;
4. функционирование горячей линии;
5. проведение служебных проверок и внутренних расследований;
6. внедрение процедур контроля и согласования;
7. комплаенс-проверка контрагентов;
8. мониторинг соблюдения законодательства и внутренних документов.

20. Товарищество обеспечивает регулярное информирование работников по вопросам противодействия коррупции.

10. Оценка коррупционных рисков

21. В целях предупреждения коррупционных рисков в Товариществе формируется и актуализируется Перечень должностей, подверженных коррупционным рискам.

22. В Перечень включаются должности, участие которых в процессах и операциях Товарищества связано с повышенной вероятностью совершения коррупционных правонарушений, в том числе в закупках, договорной деятельности, управлении финансами, персоналом, имуществом, взаимодействии с государственными органами и контрагентами.

23. Перечень формируется по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков и пересматривается при изменении организационной структуры, функциональных обязанностей, бизнес-процессов или делегировании полномочий.

24. Комплаенс-офицер проводит идентификацию, оценку и мониторинг коррупционных рисков.

25. Оценка коррупционных рисков осуществляется в отношении:

- закупочной деятельности;
- финансовых операций;
- договорной деятельности;
- взаимодействия с государственными органами;
- кадровых процессов;
- иных бизнес-процессов.

26. Комплаенс-офицер ежегодно формирует риск-ориентированный Годовой план работы комплаенс-функции, основанный на результатах оценки коррупционных рисков, внутреннего анализа коррупционных рисков, обращений, расследований, мониторинга и иных сведений.

27. Годовой план должен включать мероприятия по обучению и коммуникациям, вовлеченности руководства, проверке третьих лиц, выявлению и урегулированию конфликта интересов, контролю подарков, рассмотрению обращений, проведению проверок и внутренних расследований, внутреннему анализу коррупционных рисков и тематическому антикоррупционному мониторингу. По результатам идентификации и оценки коррупционных рисков комплаенс-офицер формирует и актуализирует Регистр коррупционных рисков Товарищества.

28. Регистр коррупционных рисков включает выявленные коррупционные риски, источники риска, бизнес-процессы и процедуры, в которых такие риски могут реализоваться, оценку уровня риска, меры по минимизации, ответственных лиц и сроки исполнения.

29. Регистр коррупционных рисков формируется по принципу приоритизации рисков и может содержать визуализацию в виде Карты рисков.

11.Благотворительность, спонсорство и политическая деятельность

30.Товарищество не осуществляет благотворительную и спонсорскую деятельность в целях получения незаконных преимуществ.

31.Товарищество не финансирует политические партии и движения в целях получения коммерческой выгоды.

32.Любые благотворительные и спонсорские расходы должны быть прозрачными, обоснованными и соответствовать законодательству Республики Казахстан.

12. Подарки и представительские расходы

33.Работникам запрещается получать или предоставлять подарки и иные выгоды, способные повлиять на объективность принимаемых решений.

34.Представительские расходы и деловое гостеприимство допускаются только при условии, что они:

- соответствуют законодательству Республики Казахстан;
- являются разумными и обоснованными;
- не создают коррупционных рисков;
- не направлены на получение незаконных преимуществ.

35. Не допускается предоставление государственным служащим и иным лицам, которым законодательством Республики Казахстан запрещено принимать материальное вознаграждение, подарки, льготы или услуги, подарков и иных преимуществ в связи с их служебными полномочиями.

13. Действия, несовместимые с деятельностью Товарищества

36.Недопустимыми являются:

1. получение незаконных выгод и преимуществ;
2. скрытые платежи и фиктивные операции;
3. незаконное вознаграждение;
4. использование посредников для передачи взяток;
5. незаконное присвоение имущества Товарищества;
6. прием на работу лиц с установленными коррупционными правонарушениями в случаях, запрещенных законодательством Республики Казахстан.

14. Оплата за упрощение формальностей

37.В Товариществе запрещаются любые платежи или вознаграждения за ускорение административных процедур либо получение преимуществ.

15. Обязанности работников и руководства

38.Работники обязаны:

- соблюдать требования законодательства и настоящей Политики;
- избегать конфликта интересов;
- сообщать о коррупционных нарушениях;
- проходить обучение;
- содействовать предупреждению коррупции.

39.Руководители подразделений обязаны:

- обеспечивать соблюдение требований Политики;

- формировать антикоррупционную культуру;
- принимать меры по предотвращению коррупционных рисков;
- взаимодействовать с комплаенс-функцией.

40.Руководство Товарищества обязаны обеспечивать постоянное совершенствование системы противодействия коррупции.

16. Ответственность

41. Работники и должностные лица при установлении их вины в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, несут ответственность за нарушение требований настоящей Политики в соответствии с:

- законодательством Республики Казахстан;
- внутренними документами Товарищества;
- условиями трудового договора.

42.Генеральный директор Товарищества в пределах своей компетенции обеспечивает функционирование системы противодействия коррупции, внедрение требований настоящей Политики в бизнес-процессы и исполнение решений и поручений, обязательных в соответствии с законодательством, Уставом и корпоративными документами Товарищества. Ответственность наступает при наличии вины и иных оснований, предусмотренных законодательством.

43.За совершение коррупционных правонарушений могут применяться:

- дисциплинарные меры;
- административная ответственность;
- уголовная ответственность.

44.Работники обязаны незамедлительно сообщать в комплаенс-функцию о ставших известными фактах коррупционных нарушений.

45.Товарищество принимает предусмотренные законодательством и внутренними документами меры по обеспечению конфиденциальности информации о лицах, добросовестно сообщивших о нарушениях, и их защите от необоснованного преследования.

16-1. Корпоративное управление и отчетность

Настоящий документ применяется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом Товарищества, Корпоративным стандартом по комплаенс-функции группы АО «Самрук-Қазына» и его применимыми приложениями.

При невозможности соблюдения отдельных требований Корпоративного стандарта комплаенс-офицер готовит сводный аналитический документ с указанием причин и альтернативного порядка. До рассмотрения Наблюдательным советом документ согласовывается с уполномоченной комплаенс-функцией группы.

45-1. Наблюдательный совет не реже одного раза в год рассматривает информацию о комплаенс-системе и мерах противодействия коррупции и оценивает достижение целей на основании независимой оценки.

45-2. Генеральный директор несет персональную ответственность за исполнение Политики и управление коррупционными рисками. Руководители структурных подразделений отвечают за риски и контроли в курируемых процессах.

45-3. Комплаенс-офицер по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков, тематического мониторинга и иных источников формирует Регистр коррупционных рисков и Карту рисков; на их основании разрабатывается риск-ориентированный годовой план.

45-4. Перечень должностей, обязанных письменно принять антикоррупционные ограничения, определяется кадровой службой совместно с комплаенс-офицером. Подписанные формы приобщаются к личным делам работников.

17. Заключительные положения

46. Настоящая Политика утверждается решением Наблюдательного совета в пределах компетенции, установленной Уставом Товарищества.

47. Работники обязаны ознакомиться с настоящей Политикой под подпись.

48. Изменения и дополнения в Политику вносятся в установленном порядке.

49. Работники и должностные лица Товарищества, на которых распространяются антикоррупционные ограничения, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, принимают их в письменной форме.

50. Перечень должностей, на которые распространяются антикоррупционные ограничения, утверждается приказом Генерального директора Товарищества по представлению кадровой службы и Комплаенс-офицера с учетом выполняемых функций, и требований законодательства Республики Казахстан.

51. Принятие антикоррупционных ограничений оформляется по форме согласно приложению 2 к настоящей Политике. Подписанная форма приобщается кадровой службой к личному делу работника.

52. Кадровая служба обеспечивает своевременное подписание и хранение форм. Комплаенс-офицер разъясняет содержание антикоррупционных ограничений и осуществляет мониторинг их соблюдения.

53. Контроль за исполнением настоящей Политики возлагается на комплаенс-офицера Товарищества.

Комплаенс-офицер взаимодействует с уполномоченным органом по антикоррупционной политике в порядке, предусмотренном типовым положением об антикоррупционных комплаенс-службах в субъектах квазигосударственного сектора.

При выявлении по результатам проверок, ревизий, аудита, судебного производства или производства по делам об административных правонарушениях фактов заключения договоров или сделок, принятия актов или иных решений в условиях конфликта интересов, повлекших нарушение

прав и законных интересов физических лиц, юридических лиц или государства, подтверждающие материалы направляются в уполномоченный орган по антикоррупционной политике.

Определения личного интереса и видов конфликта интересов, введенные Законом Республики Казахстан от 12 июня 2026 года № 311-VIII, а также новые сроки, процедуры, обязанности и ответственность по предотвращению и урегулированию конфликта интересов применяются с 1 января 2027 года. До указанной даты применяются действующее законодательство и внутренние документы Товарищества. Положение о взаимодействии с уполномоченным органом по антикоррупционной политике применяется с 24 июня 2026 года.

**Приложение 1 к Политике противодействия
коррупции в ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»**

**ПОДТВЕРЖДЕНИЕ
об ознакомлении с Политикой противодействия коррупции в
ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»**

Я, _____,
(Ф.И.О., должность)

подтверждаю, что ознакомлен(а) с Политикой противодействия
коррупции в ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ», понимаю ее требования и обязуюсь
соблюдать установленные нормы и ограничения.

Подпись _____

Дата _____

**Приложение 2 к Политике противодействия
коррупции в ТОО «КТ-ТЕЛЕКОМ»**

Антикоррупционные ограничения

Я,

(фамилия, имя, отчество (при наличии))

Добровольно и осознанно принимаю на себя антикоррупционные ограничения, применимые к занимаемой мной должности в соответствии с законодательством Республики Казахстан, связанные с запретом на:

- совершение коррупционных правонарушений или создание условий для проявления коррупции;
- склонение или поощрение других лиц на совершение коррупционных правонарушений;
- игнорирование, умалчивание и сокрытие информации о совершенных или готовящихся коррупционных правонарушениях, либо о случаях моего склонения другими лицами к совершению коррупционных правонарушений;
- использование должностных полномочий в личных интересах, допущение возникновения конфликта интересов, а также непринятие мер по его предотвращению и урегулированию;
- принятие материального вознаграждения, подарков, льгот или услуг за действия (бездействие) в пользу предоставивших их лиц или представляемых ими лиц, если такие действия входят в служебные полномочия либо в силу должностного положения возможно способствовать таким действиям (бездействию);
- использование служебной и иной информации, не подлежащей официальному распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ для себя и (или) других лиц;
- дарение подарков и оказание неслужебных услуг вышестоящим официальным лицам;
- оказание содействия кому-либо в осуществлении предпринимательской и иной деятельности, связанной с извлечением доходов;
- нарушение и воспрепятствование в реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц;
- открытию и владению счетами (вкладами) в иностранных банках, расположенных за пределами Республики Казахстан, хранению наличных

денег и ценностей в иностранных банках, расположенных за пределами Республики Казахстан.

-совместную службу (работу) в случаях, запрещенных законодательством Республики Казахстан, с близкими родственниками, супругом (супругой), свойственниками и (или) другими связанными лицами при непосредственной подчиненности, в одном органе управления (Наблюдательном совете) или исполнительном органе Товарищества.

Одновременно я поставлен(а) в известность, что несоблюдение антикоррупционных ограничений влечет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, включая применение дисциплинарного взыскания вплоть до увольнения, если нарушение не содержит признаков уголовного или административного правонарушения.

Ограничения, касающиеся использования должностных полномочий в личных интересах и совместной работы со связанными лицами, введенные Законом Республики Казахстан от 12 июня 2026 года № 311-VIII, применяются с 1 января 2027 года.

« ____ » _____ 20 ____ года

(подпись)